



ÓZEN



№10 (80) ҚАЗАН 2022 ЖЫЛ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



Қадірлі жаңаөзендіктер!

1968 жылы 21 қазанда Қазақ КСР Жоғары Кеңес Президиумының қаулысымен Гурьев облысы құрамында Өзен ауданы құрылып, Жаңаөзен поселкесі қала статусын алған болатын. Содан бері бұл күн мұнайлы мекеннің қала күні болып тойланып келеді. Осы айтулы мерекемен барша жаңаөзендіктер мен қала қонақтарын құттықтаймын!

Алпысыншы жылдары өңірден мұнай мен газдың көзі ашылып, оны анықтау мақсатында келген барлаушы мен геологтардың мекені болған иен дала – бүгінде еліміздің экономикалық-әлеуметтік әлеуетін көтеруге зор үлес қосып отырған қала. Пайдалы қазбаларға бай қазыналы өңіріміз жыл санап көркейе түсуде. Жаңа нысандар бой көтеріп, мұнайшылар қаласы дамып келеді.

«Өзенмұнайгаз» АҚ мұнайлы мекеннің қазба байлықтарын игеруші компания ретінде қала құрау жұмыстарына белсенді араласады. Қаламыздағы көптеген әлеуметтік нысандардың салынуына мұрындық болды. Бүгінгі таңда бұл құрылыстар, бағдарламалар барша қала халқының игілігіне қызмет етіп келеді. Кішкентай бүлдіршіннің ауласында балалар алаңшасында ойнауға мүмкіндігі бар болуынан бастап, сапалы білім алуы үшін еңбек етіп келеміз.

Болашағымыз жарқын, еліміз тыныш болсын!

Нұрлы да, жырлы Жаңаөзеніміз гүлдене берсін!



Құрметті әріптестер!

Баршамызға Республика күні құтты болсын!

Мемлекеттік маңызға ие айтулы күн араға 13 жыл салып қайта оралды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мереке мәртебесін қайтарып, оған ұлттық статус берді.

1990 жылдың 25 қазан күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің №307-ХІІ жарлығымен «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданған болатын. Құжатта Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланып, жеке территория, азаматтық, мемлекеттік бюджет, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілген.

Еліміздің егемендік алу жолында маңызы бар тарихи мерекеміз берекеге ұлассын! Бағзы заманнан бабалар жайлап, ұрпақ өсірген, өнген жеріміз көркейе берсін.

Отанымыздың көк байрағын асқақтатып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, Жаңа Қазақстанның жарқын болашағын бірге қалайық!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Мақсат Ибағаров



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
сенім телефоны жұмыс істейді

Компания қызметкерлерінің өз міндеттеріне салғырт қарауын болдырмау мақсатында Қауіпсіздік департаментінің «сенім телефоны» жұмыс істейтінін хабарлайды. Қызметкерлер сенім телефонына жұмыс бабында орын алған құқық бұзушылық немесе келеңсіз жағдайдың алдын алу, қитұрқы әрекетті болдырмауға ықпал ететін өзге де маңызды ақпаратты хабарлай алатындығын қаперіңізге береміз.

Хабарлаушы азамат есімінің құпия сақталуына кепілдік беріледі.
Қауіпсіздік департаментінің сенім телефоны: +7 (72934) 65-1-54.
Электронды поштасы: doverie@umg.kmger.kz



ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДАҒЫ
МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫНЫҢ
ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШІ
94,72%





ЕСЕПШІ — құрметті мамандық

6 қазанда Қазақстанда бейресми түрде есепшілер күні аталып өтеді. Бұл күнді тойлау Кеңес заманнан келе жатқан дәстүр. Есепшінің жұмысы мұқияттылық пен дәлдікті талап етеді. Есепші мамандығы – Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемдегі ең жоғары құзыретті, құрметті мамандықтың бірі. Шағын жеке кәсіпорындардан бастап, ұлттық холдингтер мен мемлекеттік құрылымдарға дейінгі кез келген компания үшін есепшілердің қызметі аса қажет.

19.12.1995 жылы №580 К бұйрығымен №1 МГӨБ құрылды. Жаңа басқарма бастығы болып Қалдыбай Телешов, бас инженері Қайырбек Елеусінов, бас есепшісі Ахмет Қожанепесов тағайындалды. Дәріш Нұрмағамбетова, Мұрат Елеусінов, Нұрбек Балабатыров, Айжан Жолмағанбетова сынды өз ісінің білгірлері басқарманың есебін жүргізді.

Басқарманың құрылуы қиын кезең болған жылдарға тап келсе де, өз ісіне адал, білікті мамандар қиындықты жеңіп, алға қойған мақсатқа жетіп, басшылардың сенімін ақтады.

Жаңа басқарманың шотпен есеп-қисабын есептеу, жаңа парақтан бастау оңай болған жоқ. Сол қиын да қызықты күндер әлі күнге дейін есімізде. Қарашаңырақ №1 МГӨБ құрылған сәттен бастап заман талабына сай алдыңғы қатарлы іргелі басқармаға айналды. ТМД елдерінде теңдесі жоқ жер асты жабдықтау диагностика жөндеу цехы ашылды. Басқарма құрылуына өзім куә болғанмын. Өйткені 30 жылға жуық уақыт өзім бір басқармада еңбек етіп келемін. Барша әріптестерімді есепшілер күнімен құттықтаймын! Мұнай-газ секторы – еліміздің бағын асырып, байлығын тасытып отырған, егемен мемлекетіміздің экономикалық қуатының тірегі. Өндіріс өркендесе, халықтың әл-ауқаты өседі. Ел экономикасы күшейеді. Мұнай-газ саласының әлеуеті мол, болашағы зор. Алда әлі талай асулар бар. Еңбектеріңіз жемісті болсын!

Құрметпен, №1 МГӨБ бас есепшісі
Оразғали Қасбаев

Тәжірибелі есепші

Әдетте біз «Өзенмұнайгаз» компаниясын айтқанда ойымызға бірден скважинаны қазып жатқан мұнайшы ер азаматтар бейнесі елестейді. Бірақ өндірісте ер азаматтармен қатар, қара кешке дейін далада физикалық еңбек етпесе де, кеңседе отырып, мекеменің бүкіл кірісі мен шығынын, бюджетін есептеп, мұнайшыларға жал-ақыны уақытында жіберіп отырған есепшінің де еңбегі зор. Олар моральдық тұрғыдан шаршайды. Өйткені алдарында бір емес, жүздеген құжат қағаздар, ай сайын жаңартылып отырған бағдарлама жатыр. №1 МГӨБ есепшілер бөлімінің есеп айырысу есепшісі Гүлшара Өтебаева 32 жыл бойы есеп саласында абыройлы еңбек етіп келе жатқан білікті маман. Ол 1984 жылы Сенек ауылындағы орта мектепті бітірген соң, арман қуып Орал қаласындағы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түседі. Қызығы мен шығығы қатар өрбіген студенттік шағында Гүлшара Кәшенқызы бар зейінін оқуға арнайды.

1989 жылы есеп және экономика мамандығы бойынша дипломын алып, Сенек ауылындағы мал шаруашылығымен айналысатын мекемеден есепші болып алғашқы еңбек жолын бастайды. 2006 жылы №1 МГӨБ-ке ауысып, бүгінде өз жұмысын жан-тәнімен жасап келеді. 55 жасқа толып жатқан Гүлшара Өтебаеваны әріптестері шын жүректен құттықтап, деніне саулық, шаңырағына шаттық, қызметіне шығармашылық табыс тілейді.



Білікті геолог

Емір өзі арнасымен ағып жатқан секілді. 34 жыл. Иә, Алтынгүл Сәрсенғалиеваның мұнай саласында қызмет еткеніне де тура 34 жыл өтіпті. Алтынгүл Шабайқызы білімді, тәжірибелі геолог ғана емес, сыртқы келбеті мен ішкі жан сұлулығы жарасқан қазақ әйелі. Ол бала кезінен геолог болуды армандаған екен. 1984 жылы қаламыздағы қара шаңырақ атаған Т.Әлиев атындағы №1 орта мектепті тәмамдап, арман қуып Алматы қаласына аттанады. В.И.Ленин атындағы қазақ политехникалық институтына түсіп, тау-кен инженері мамандығы бойынша білім алады. 1989 жылы жоғары оқу орнын ойдағыдай аяқтап, туған өлкеге оралып, алғашқы еңбек жолын №3 мұнай кәсіпшілігінде 4 дәрежелі мұнай-газ өндіру операторы ретінде бастайды. Міне, осы кезден бастап оның бүтін саналы ғұмыры Жаңаөзен қаласымен бірге

кемелденіп келеді. 1990-1996 жылдары №3 мұнай-газ өндіру цехында 5 дәрежелі пульт басқару операторы, 1996-1997 жылы №2 МГӨБ, №3 мұнай-газ өндіру цехы 5 дәрежелі пульт басқару операторы, 1997-1998 жылы зерттеу жұмыстар бөлімінің мұнай және газ өндіру техника технология тобының мұнай өндіру техника технология инженері, 1998-1999 жылы өндіріске қызмет көрсету цехы мұнай және газ өндіру техника технология тобының мұнай өндіру техника технология инженері, 1999-2002 жылы мұнай өнімінің техникалық және технологиялық тобының жетекші инженер-технологы, 2002-2008 жылы №3 мұнай-газ өндіру цехы – жетекші геолог, 2008-2013 жылы мұнай-газ кен орындарын игеру және геология қызметінің қызмет жетекшісі, 2013-2014 жылы геология және мұнай-газ кен орындарын игеру бөлімінің бастығы, 2014 жылдан бастап басқарманың геология және игеру жөніндегі директордың орынбасары қызметін адал жасады. Бүгінде Алтынгүл Сәрсенғалиева №1 МГӨБ бас геологы қызметін абыроймен атқарып жүр. Геологты кен орнының жүрегі деуге болады. Өйткені, мұнай көзі анықталғаннан кейінгі барлық жұмысты атқаратын солар, скважиналардың жайын, қысымдылығы мен қызметін күні-түні бақылайтын да геологтар.

Алтынгүл Шабайқызы ұжымдастары арасында сыйлы. Ол үнемі ізденіс үстінде жүреді, жас мамандарды үйретіп, кеңес айтып, тәжірибесімен бөліседі. Ұзын бойлы, көркем жүзді нәзік жан кәсібін ерекше құрметтеп, жақсы көретіні оның жұмысқа деген ынтасынан байқалады. Табандылық пен өжеттілікті талап ететін мамандықты адал атқарып жүрген Алтынгүл отбасында Оразбек Алдабергеновтің аяулы жары, ұл мен қыз есіріп отырған ардақты ана. 55 жасқа қадам басқан білікті маманды әріптестері құттықтайды. Шаңырағына береке – бірлік, еңбегіне мол табыс тілейді.



ОФФЛАЙН ФОРМАТТА ӨТКЕН САУАЛНАМА

КОМПАНИЯҒА ҚАРАСТЫ 16 БАСҚАРМАДА ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ ОФФЛАЙН ФОРМАТТА САУАЛНАМА ЖҮРГІЗДІ.

Аталған шара «Самұрық-Қазына» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы әлеуметтік тұрақтылықты зерттеуге, көңіл-күй динамикасының өзгеруіне мониторинг жасауға арналған. Әр тоқсан сайын өткізілетін зерттеуге 25 мыңнан астам өндірістегі жұмысшыларды қамту жоспарланған.

– Негізгі мақсатымыз – мұнайшылардың әлеуметтік көңіл-күйін, жұмыс орнындағы қолайлылық, тұрмыстық жабдықтау және жалақы сынды маңызды мәселелерге зерттеу жүргізу. 2013 жылдан бастап жүзеге асырылып жатқан жұмыстарымыз 2020 жылы әдістемелік тұрғыдан жаңарып, анкета

сұрақтары мен жүргізу тәсілі пандемияға, қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты өзгеріске ұшырады, – деді орталық мамандары.

Кәсіподақ, жемқорлық жай-күйі сияқты 35 сұрақтан тұратын сауалнама анонимді түрде, оффлайн форматта 370 жұмысшыны қамтыды.



ӨНДІРІС

ӨНІМДІ №7 мұнай өндіру цехы



**№4 МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУ БАСҚАР-
МАСЫНА ҚАРАСТЫ 7 ЦЕХ БАР БОЛСА,
ОНЫҢ ІШІНДЕ МҰНАЙ ӨНДІРУМЕН ҮШ
ЦЕХ АЙНАЛЫСАДЫ. №4, №6, №7 ЦЕХ-
ТАР МҰНАЙ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРЫП,
КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚО-
СЫП КЕЛЕДІ.**

Осы орайда «қара алтынды» өндіріп қана қоймай, айлық жоспарды асыра орындап, жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, өнімділігі жағынан №7 мұнай өндіру цехы алдыңғы орында.

Цехта 102 адам қызмет етеді. Олар: геолог, шебер, оператор, кезекші оператор, диспетчер, технологтар. Цех бастығы Нұрғасыр Орынов жауапты қызметке биыл 31 наурызда тағайындалған. Еңбек жолын 2008 жылы скважиналарға жерасты жөндеу цехында оператор болып бастаған азамат, мұнай-газ өндіру операторы, инженер-технолог, аға инженер, бастық орынбасары секілді қызметтерді атқарған. 14 жыл тер төккен тәжірибелі маман қазіргі таңда цех ұжымын абыроймен басқарып келеді.

– Цехқа 7 топтық қондырғы, 345 скважина қарайды. Тәуліктік тарифтік режим бойынша жер астынан алынатын жалпы сұйықтық көлемі 10 600 тонна болса, оның 1884 тоннасы мұнай болады. Бұл көрсеткішке скважиналар жөндеу жұмыстарына жіберілмей, толығымен жұмыс жасап тұрғанда ғана жетеді. Яғни тәуліктік өнімділік әрқалай, – дейді Нұрғасыр Тәулихұлы.

Скважиналардың өнімділігін анықтап отыру үшін бір айда 4 рет сынама алынып, зертханаға жолданады. Сорғы арқылы жердің астынан келіп жатқан сұйықтық 100% су көрсеткен жағдайда ғана скважинаның жұмысы тоқтатылады. Мұнай өндірісінде жүйелі жұмыспен нәтиже көрсетіп отырған цехта тәжірибелі мамандар қызмет етеді. Солардың бірі – Бағдагүл Байбозова. Жетекші геолог 1999 жылы зерттеу цехына сынама жинаушы болып еңбекке араласып, бір жылдан соң Қарамандыбас кен орнына техник-геолог болып ауысады.

– Еңбек жолымда топтық қондырғыларда оператор, диспетчер болып та жұмыс жасап көрдім. Десе де, соңында бәрібір геологияға деген қызығушылығымның әсерінен өз мамандығымға қайта орала беріппін. Геолог мамандығының қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Қарамандыбас Өзен кен орнына қарағанда тереңдігімен, мұнай құрамымен өзгеше. Кен орын аумағы да үлкен. Бес жыл қатарынан еңбек демалысын алмаған, 3 күн бойы үй көрмей жұмыс істеген кездер де басымыздан өтті, – дейді Бағдагүл Байбозова.

Жетекші геолог және геолог, техник-геологтардың негізгі жұмысы скважиналарды зерттеп, майды қай жағынан көп шығаруға болатынын анықтау. Геологиялық, техникалық шаралар жасаумен айна-



лысады. Ай сайынғы жоспарды орындау үшін әр скважинаны күнделікті қадағалауда Бағдагүл мен әріптестерінің жауапкершілігінде. Оның өлшемін шығарып, сынамасын алады. Бұл жетістігін ол 23 жыл еңбек жолында жөн көрсетіп, жол сілтеген Оңай Махамбетова, Екатерина Чоматова, Абылхан Дауылбаев, Жұмамұрат Сахиев сынды тәлімгер-ұстаздарының арқасы деп біледі.

Цехта «Үздік маман» шеберлік байқауына қатысып, кәсібилігін дәлелдеген үздіктер де бар. №4 Мұнай-газ өндіру басқармасының жыл сайын өткізетін цехаралық іріктеуінде кезекші оператор Сержан Сүгіров 1-орынға ие болып, үздік атанды.

№7 цех бастығының орынбасары Қуандық Қаржаубаевтың мұнай саласында қызмет етіп келе жатқанына 28 жылдай уақыт болған. Күрделі жөндеу, жерасты жөндеу, Кенсарыдағы корейлық компанияда, ҚазГЖЗИ мұнайгазға қызмет еткен. Оператордан бастап, шебер, бұрғылау супервайзері, техник болып та жұмыс жасаған. Қазіргі таңда бастық орынбасары цехқа қарасты топтық қондырғылар, скважиналар, топтық мөлшерлеу қондырғыларының, жалпы өздеріне тиесілі аумақтың жұмысын ұйымдастырады. Техникамен қамтамасыз ету, қадағалау, нысандардағы мәселелерді дер кезінде анықтап, қалыпқа келтіру, жуу қажет скважиналарға техника шақырту, дөнекерлеу секілді іс-шараларды атқарады.

Абдул Домбаев,

8-бригаданың 5-дәрежелі операторы:

– Мұнай саласында 2000 жылдан бастап еңбек етемін. Жұмысымыз 7 күндік, шеберіміз Ербол Исаев. Операторлардың міндетіне орай күнделікті тиесілі 8-10 скважинаны түске дейін аралаймыз. Тығырық соғып, сорапты тексереміз.



ӨНДІРІСТІ оңтайландыру — МАҢЫЗДЫ

Өзен кен орнын игеруде компания әрдайым соңғы үлгідегі, заманауи тәсілдерді қолданып, жаңашылдық енгізіп келеді. Қай департаменттің болмасын жұмысына заман талабына сай өзгерістер енгізіліп, өндіріс жағдайы оңтайландырылып отыр. Кен орын аймағында соңғы техника және технологиялармен жаңа нысандар салып, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізумен айналысатын Күрделі құрылыс департаментінде де жағдай солай.

Аталған департамент жақында мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында №1 МГӨБ-ке қарасты Жерасты жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехы аймағында 150 адамдық тұрмыстық-шаруашылық кешен салып, пайдалануға берді. Сондай-ақ №10 МГӨЦ аймағындағы АЖТБ жұмысшылары үшін 30 адамдық әкімшілік-шаруашылық кешен бой көтерді. Қазіргі таңда АЖТБ метрологиясы, яғни жаңа лабораторияның құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Нысан жыл соңына дейін қолданысқа беріледі деп жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, департамент қызметкерлері Мұнай дайындау және жөнелту цехы аумағында көлемі – 20 мың куб суды жоғары деңгейде дайындауға арналған қазан салу жұмысымен айналысуда. Жоба жыл соңына дейін аяқталмақ.

Мұнай-газ өндірісін оңтайландыру мақсатында ұзындығы – 10 шақырым темір құбырын полимер, яғни шыныталшықты-пластикалық



құбырға ауыстыру бойынша жоба жасақталуда. Мамандардың айтуынша, пластикалық құбырлардың жарамдылық мерзімі – ұзағырақ, шіру процесі – баяу.

– Департамент жұмысы – қарқынды. Өндіріс жағдайын жақсарту бағытында тиісті жұмыстар алдағы уақытта жалғаса береді. 2023 жылы жобалық-сметалық құжаттама жасақталған, Мұнайдан суды алдын ала айыру қондырғысы аймағында 75 орынды, №3 МГӨЦ-ке қарасты 50 орынды тұрмыстық-шаруашылық кешен, БЖБ-ға қарасты 60 орынды автостанция құрылысы басталады, – дейді күрделі құрылыс қадағалау инженері Ернар Теңелов.

Өндіріс аймақтарында ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізу Күрделі құрылыс департаменті мамандарының күнтіртібінен түскен емес. Бұл міндетті жыл бойы атқару – күрделі жөндеу бөлімі қызметкерлерінің жауапкершілігінде.

Бұрғылаудан шыққан 137 мұнай, 30 су ұңғымасын жайластыру мен 55 шақырым мұнай және су құбырын қайта жаңғырту жұмысы да департамент назарынан тыс қалмады. Қазіргі таңда белгіленген жоспардың 80 пайызы жасалды. 2023 жылғы жоспар бойынша тағы 137 мұнай, 35 су ұңғымасы жайластырылып, 139 шақырым құбыр қайта жаңғыртылады деп жоспарланып отыр.



Тәлімді әулеттен шыққан КӘСІБИ МАМАН



**«АТАҒА ҚАРАП ҰЛ ӨСЕР, АНАҒА ҚАРАП ҚЫЗ ӨСЕР»
ДЕГЕНДІ ХАЛҚЫМЫЗ БЕКЕР АЙТПАСА КЕРЕК. ӘКЕНІҢ ҰЛАҒАТЫ,
АНАНЫҢ МЕЙІРІМ ШУАҒЫМЕН ӨНІП-ӨСКЕН ҰРПАҚТЫҢ
ТАҒЫЛЫМДЫ ТАҒДЫР ЖОЛЫНДА АДАСУЫ, ЖАҢЫЛЫС
БАСУЫ МҮМКІН ЕМЕС. ҮЛКЕН ӘУЛЕТТІҢ ҮКІЛЕГЕН ҮМІТІН
АҚТАҒАН, БҮГІН ӨЗІ ДЕ АНА, КӘСІБИ МАМАН, АЯУЛЫ
ЖАР АТАНЫП ОТЫРҒАН ЖАНАР ҚҰРАҚҚЫЗЫ ӘБУЕВАНЫ
КӨПШІЛІК ОРТАСЫНА СЫЙЛЫ ЖАН РЕТІНДЕ БІЛЕДІ.**

Еңірімізге аты белгілі, мұнай саласында көп жыл маңдай терін төгіп, табысты еңбек еткен атақты мұнайшы Құрақ Тілеуқұлов пен анамыз Алтынның шаңырағында екінші қыз болып өмірге келген кейіпкеріміз бала кезінен өзінің бірбеткей қайсар мінезі, алғырлығымен ерекшеленетін.

Арғы атасы Кәкім бастап, өз әкесі Құрақ жалғаған мұнайшы жолына түспейтінін бірден ашып айтады. Жанындағы бірқатар құрбыларымен бірге Мәскеуге оқуға кетпек болған кезінде ата-анасы жер шалғайлығын айтып, райынан қайтарады. Солай мектепте үздік, табанды қыз Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік университетінің қаржы бөліміне түсіп, қаржы маманы атанып шығады. Еңбек жолын АЖТБ-дан бастап, есеп мәшинесінде жұмыс жасайды.

– Ол кезде қазіргідей принтер, компьютер жоқ. Сол кездің компьютерін тізіп бір бөлмеге 40 шақты адам отырып, таңнан кешке дейін ақпарат енгіземіз. Оны сол кездің тілімен айтсақ, «жировка» дейтін. Жұмыстың маңыздылығы сондай, 40 адам кезекпен, күн-түн болып, бөлініп жасайтынбыз. Мұнай-газ өндіру басқармаларынан мамандары келіп, біз дайындаған ақпаратты алып, жұмыскерлеріне тарататын, – деп еске алады.

Кейін тәжірибелі маман «Инженерлік-техникалық ор-талық» ЖШС мекемесінде қызмет жасап, біліктілігін арттырады. 2004 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ аппаратына ауысады.

Бүгінде тағдырдың шым-шытырық жолдары мұнай саласына әкеп тіреген Жанар Әбуева – жарты ғасырдан астам тарихы бар «Өзенмұнайгаз» АҚ қазынашылық департаментінің жетекші талдаушысы. Жолдасы Мұрат – жеке кәсіпкер, қыздары Сәуле мен Кәмила – бірі анасының жолын қуып қаржы саласында қызмет жаса-са, екіншісі студент.

– Қаржы саласын таңдасам да, өмір мені мұнайшы-лардан алыстатқан жоқ. Қазіргі жұмысым, өзім үшін өте қызықты. Түрлі жаңалықтар мен бағдарламаларды игеріп, жұмыс барысында түрлі талдаулар жүргіземіз. Соның барлығы мекеменің игілігі үшін, жұмыскерлерді ынталандыру үшін жасалады. Компания сатып алатын техника, көрсететін қызметтер барлығы біздің көз алдымызда жасалады. Олардың шот-фактураларын да, орындалғандығы жөніндегі актіні де жасайтын біз, – дейді кейіпкеріміз қазіргі жұмыс барысымен таныстырып.



28 жыл қаржы саласында қызмет жасап келе жатса да, түрлі бағдарлама, жобаларды үйренуден жалыққан емес. Айту-ынша, біліктілік арттыру курста-рында басқа елдің мамандары біздегі бағдарламалар мен жұмыс жағдайына қызыға қарайды екен. Жұмысын сүйіп жасайтындығы да әке-шешесінің «адамның өзі таңдаған жолына адалдық» деген қағидатынан болса керек.

– Бала кезімізде әкеміз үйге кел-меген кезде, анамнан сұраймыз, сонда ол кісі жұмыстарында апат орын алыпты дейтін. Бала санамыз апат сөзінің астында екі көліктің қақтығысын елестетеміз ғой. Сөйтсек әкеміз фонтанша атқылаған мұнаймен алысып, ұйқы көрмейді екен. Анам да АЖТБ-да картографияда қызмет жасады. Қазіргімен салыстырғанда ащы еңбектің дәмін татқан

олардың қайсарлығына қызығамын, ба-сымды иемін, – дейді тебіреніп.

Бақытты ерлі-зайыптының үміті ақ-талып, бір әулеттің бес қызы бірдей – бірі Ақтауда, енді бірі Өзенде қос-қос мамандықты игерген кәсіби маман, айналасына сыйлы жандар. Жанар Құраққызының бір сіңілісі ғана апа-сы сияқты мұнайшылықтан бас тар-тып, заңгерлікті оқыса да, қазір мұнай компанияларының бірінде кадр бөлімінің басшысы қызметінде. Қалған екі сіңілісі мен бір апасы да геолог-әзірлеуші ма-мандығын бітіріп, ел игілі үшін жемісті еңбек етіп жүр. Әйел адам қызметте та-бысты, кәсіби маман болғанымен, отба-



сы – ошақ қасында қашанда ана. Біздің кейіпкеріміз Жа-нар Құраққызы да бос уақытында жиендерін еркелетіп, тәтті-дәмділер дайындағанды ұнатады. Жолдасы Мұрат екеуі тарихи киноларды бірге тамашалап, соны талқылауды хоббиге айналдырған.



АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ



Бармағынан Бал тамған АСПАЗДАР



Аспаздар күніне орай, мұнайшыларға дәмді ас әзірлеп жүрген №2, 4 МГӨБ айналасында орналасқан №3 және №4 асханаға барып, ондағы аспаздармен, тамақ ішуге келген жұмысшылармен әңгімелесіп қайттық.

Алдымен №4 асханаға аялдадық. Біз барғанда сағат 10:20 болған еді. Асхана жұмыс қайнап жатқан кез екен. Аспаздар ыстық сорпаны арнайы ыдысқа құйып жатса, қыз-келіншектер жағы нан, су-сындарды салып пакетке салып жатыр екен. Құдалыққа тап болғандай сезімге бөлендік. Қыздар шапшаң қимылдайды. Бір-біріне «Тез бол, ана-ны салдың ба, мынаны салдың ба» деп әр көк жәшікке тағамдарды салып жатты. Біз олардың жұмысына кедергі келтірмес үшін сыртта «Ақ мама» атанып кеткен асты жеткізетін көлік айдаушылармен сөйлесе тұрдық.

– Осылай, өзіңіз көріп тұрғандай біз күнделікті скважиналарды жерасты жөндеу цехына, топтық қондырғыларға түскі асын уақытында жеткіземіз. Бір шыққанда 15-16 бригадаға барамыз. Күндіз 12:00-де және түнде 00:00-де мұнайшыларға ыстық тамағын жұмыс орнына дейін апарып береміз. Жұмысымыз өзімізге ұнайды. Жұмысшылар риза болып, алғысын алғанда қуанамыз», – дейді жүргізушілер. Сөз арасында аспаз Жеңісгүл Әбілдаева және Баян Назаровамен сөйлесіп үлгердік. Нәзікжанды ас пісіру шеберлері екеуі де көп жылдық тәжірибесі бар білікті мамандар.

– Күніне 39 СЖАЖ бригадасына, 47 топтық қондырғыға, КҚС мекемесінің 8 бригадасына ыстық тамақ жеткіземіз. Ұжымымыз 2 ауысым бойынша, күндіз және түнгі уақытта жұмыс жасайды. Барлығын қосқанда 60 адам болып еңбек етеміз, оның ішінде 8 аспазымыз бар. Жұмысшыларға тамақ жеткізуден бөлек, асханаға келіп іштендерге де қызмет көрсетеміз, – дейді бармағынан бал тамған аспаз қыздар.

Жол бойында №3 асханаға да соғып кеттік. Асхана меңгерушісі Алтынай Дәуленбаева 28 жыл бойы аспаз қызметін атқарып келеді. Өртүрлі асхана-ларда бас аспаз болып абыройлы еңбек еткен. Аталған асхананы 2008 жылдың 12 наурызынан бастап басқарып келеді.

– Біздің асхана жұмыс орнына дейін тамақ жеткізбейді. Асханамызда 12 адам жұмыс істейді. Бізге жұмысшылар өздері келіп ішеді. Күніне шамамен 220-230 адам келіп ыстық тамақ ішіп кетеді. Ұжымымыз тату, қыздарымыздың барлығы да өз ісінің шебері. Ас ішушілердің алғысын алып, «рахмет дәмді болыпты» деген сөзін естігенімізде одан әрі шабыттанып, дәмді асты дайындай бергіміз келеді, – дейді Алтынай Дәуленбаева.

«Өзенэнергомұнай» мекемесінде электромонтер болып еңбек ететін Ғалымжан Құстаев және №2 МГӨБ операторы Қайрат Құлбеков «Өзен» корпоративті газетінен келгенімізді біліп, мүмкіндікті пайдаланып, №3 асхана аспаздарына алғысын білдіріп жатты.

– Осы асханаға жеткенше асығамыз. Тамақтары өте дәмді әрі ыстық. Тағамның түр-түрі бар. Салат, самса, бәліш, тәттілер, сорпа, котлет бәрінің де дәмі көремет. Алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Алла қолдарына күш-қуат берсін, – деп тілек білдірген мұнайшыларға біз де қосыламыз.

Аспаздарға құрмет көрсетілгі

Қай салада, қай мекемеде болсын, өз қарамағындағы қызметкерлердің жағдайын жасау, тұрмыс-тіршілігін біліп, қолдан келгенше қажеттіліктермен қамтамасыз ету жағы қарастырылады. Бұл еңбектің өнімділігін арттыру, ішкі береке-бірлікті ұйыта түсу үшін ғана емес, жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы өзара сыйластықтың, түсіністіктің және өркениет әлеміне ұмтылған жоғары

адамгершілік қағидаттың бұлжымас өрнегі болуы тиіс. Қақаған аяз бен аптап ыстықта құрыш білегінің күшін ел ырысына жұмсап, жігерлене еңбек етіп жүрген мұнайшылардың жағдайын жан-жақты жақсартуды «Өзенмұнайгаз» компаниясы ұдайы назарда ұстап келеді. Халықаралық аспазшылар күні мерекесіне орай, №1 МГӨБ ұжымы өздеріне қарасты №2, №8/11 МГӨЦ және №26 ЖЖЖДЦ асханаға барып, қызметкерлеріне алғыс білдіріп, сый құрмет көрсетті. Аталмыш асхана қызметкерлері мұнайшыларды жұмыс күндері ыстық тамақпен қамтамасыз етеді.

– Тамақтандыру – өте жоғары жауапкершілікті жүктеп, тазалықты талап ететін жұмыс. Біз орасан зор адам санына жауап беретінімізді бір сәт



есімізден шығарған емеспіз. Біз мұнайшыларды қалай тамақтандырсақ, олардың көңіл-күйлері де, жұмыстарының сапасы да, тіпті денсаулығы да соған байланысты болмақ. Байқаусызда кетіп қалған титтей қателік те үлкен мәселелерге әкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан біз күнделікті жұмысымызға зор жауапкершілікпен қараймыз және қызметкерлерден үнемі тазалықты, сақтықты, жауаптылық пен кәсіби шеберлікті талап етіп отырамыз, – дейді асхана меңгерушілері Оразгүл Бекенова, Карлығаш Абитова, Сауле Мұқышова және Нейла Атабаева. Асханада еңбек ететін аспаздардың барлығы да білікті мамандар.



Өзен кен орны МАЙТАЛМАНЫ

ӘР САЛАДА ТАРИХТА ЕСТЕ ҚАЛАТЫН ЕСІМДЕР БОЛАДЫ. МҰНАЙЛЫ ҚАЛАНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДА БАР ЫНТАСЫМЕН ЕҢБЕК ЕТІП, ӨЗІНІҢ БҮКІЛ ҒҰМЫРЫН БІР САЛАҒА АРНАҒАН АЗАМАТ КҮШҚУАТ ТАЛАСБАЕВТЫҢ ЕҢБЕГІ ҰШАН-ТЕҢІЗ. ЖУРНАЛИСТ БОЛҒАН СОҢ КӨПШІЛІКПЕН КЕЗДЕСЕМІЗ. МҰНАЙ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ БАРЫП, СҰХБАТ АЛЫП ЖҮРГЕНІМДЕ БАСШЫЛАР КҮШҚУАТ ТАЛАСБАЕВ ТУРАЛЫ КӨП АЙТАДЫ. КҮШҚУАТ – ӨТЕ БІЛІМДІ, ҚОЛЫНАН СЫЗУ КЕРЕМЕТ КЕЛЕТІН ЕДІ ДЕЙДІ ӘРІПТЕСТЕРІ. СОДАН АҒА ТУРАЛЫ МАҚАЛА ЖАЗУ КЕРЕК ДЕГЕН ОЙ МАЗАЛАЙ БЕРДІ. БҮГІНГІ ТАҢДА ЗЕЙНЕТТЕГІ АРДАҒЕР МҰНАЙШЫ КҮШҚУАТ ТАЛАСБАЕВТЫҢ НӨМІРІН ТАУЫП, БІРДЕН ХАБАРЛАС-ТЫМ. ТЕЛЕФОНЫН ЖҰБАЙЫ МАЙРА КӨТЕРІП, «АЙНАЛАЙЫН, АҒАҢ НАУҚАСТАНЫП, ТӨСЕК ТАРТЫП ЖАТҚАНЫНА БІРНЕШЕ ЖЫЛДЫҢ ЖҮЗІ БОЛДЫ. ӨЗІ СӨЙЛЕЙ АЛМАЙДЫ, СОНДЫҚТАН СҰХБАТ БЕРЕ АЛМАЙДЫ», – ДЕДІ. ДЕГЕНМЕН 3 РЕТ ҚАЙТА-ҚАЙТА ТЕЛЕФОН ШАЛЫП, АҚЫРЫНДА МАЙРА АПАНЫ КӨНДІРІП, АҒАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫН АЙТЫП БЕРУІН ӨТІНДІМ.

«Арай» шағынауданында тұратын ағаның үйіне бардым. Есікті тықылдатып едім, келіні ашты. Майра апамыз үйінде шай ішіп отыр екен. Амандасудан соң, «Шырағым төрлет, қандай мәселемен келдің?», – деп сұрады. «Апа, Күшқуат ағаның жүріп өткен жолын білгіміз келеді, газетке мақала жазамыз», – дедім. «Күте тұр, асықпа, шай ішіп болайын, сен де шай іш», – деді. Сонымен шай ішіп отырып, Майра апамыз теледидардан көрсететін кинодағыдай өткен жылдарды еске алып, көзіне жас алып, өмірлік жарының көрген талай-талай қиындығы мен қызығын айта бастады.

Еңбектің адамы, аймақтың бетке ұстар азаматы Күшқуат Таласбаев өмірін мұнай саласына арнаған. Ол қаймағы бұзылмаған қарапайым шаруа отбасында дүниеге келеді. Ата-анасы Маңғыстау облысына қарасты Форт-Шевченко маңындағы Қаңға деген елді мекенде мал шаруашылығымен айналысқан. Сол кездегі Қаңға шағын түтіні бар ауыл болған екен. Кезінде аты дүркіреп тұрған совхоз болса керек. Күшқуат – жеті баланың үлкені. Өзінен кейін Есқуат деген інісі және бес қарындасы дүниеге келген. Бала күнінен әкесі мен анасының еңбек еткенін, шаруамен айналысқанын көріп өседі. Туабітті бірбеткейлік, шыншылдық қасиеттері бала кезінен сезіле бастайды. Қылқаламға жан бітіретін қасиетінің арқасында

Күшқуат Таласбаев небір күрделі сызбаларды схемасына қарамай-ақ сызып шығатын. Әке-анасының тәлім-тәрбиесі мен өнегесін бала кезден бойына сіңіре отырып, халқына қалтқысыз қызмет етуді мақсат етеді.

Күшқуат бастауыш мектепті Тұщыбек жерінен бітірген. 1966 жылы 10 жылдық мектепті Форт-Шевченкодә тәмамдайды.

Бір жылдан соң, Алматыдағы политехникалық институтқа қабылданады. 1972 жылы жоғары оқу орнын ойдағыдай тәмамдап, «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға жолдама бойынша жұмысқа орналасады. Алғашқыда ол бар ынтасымен жұмыс жасап жүреді. Араға жыл салып Күшқуат денсаулығына байланысты уақытша демалысқа шығады. 1973 жылдың аяғында күрделі жөндеу мекемесіне ауысып кетеді. Көп ұзамай өндірістік базаға бастық болып ауысады. «СУСР-5» атты мекемеде сегіз ай табанды еңбек етеді. Бүгінгі атауы «Өзенмұнайсервис» мекемесінің құрылуына Күшқуат Абайұлы көп еңбек сіңірген. Мекеменің ол кездегі атауы «Капремонтта» бас инженер қызметін абыроймен атқарған. 1994-95 жылдар аралығында «Капремонт» мекемесіне директор болып тағайындалады. Қызметін адал атқарып жүрген Күшқуат 1997 жылы ойламаған жерден инсульт алады. Құрметті еңбек демалысына шыққанша «Өзенмұнайгаз» компаниясында үздіксіз, табанды еңбек етті. Басшылық жасаған жылдары Күшқуат жұмысшыларына ерекше көңіл бөліп, әлеуметтік тұрғыдан толық қамтамасыз етілуін басты назарда ұстаған. Яғни, атқаратын шару-



алары шаш етектен жүрген мұнайшыларды ынталандыру мақсатында олардың балаларына жұмыс тауып беріп, қаржылай көмек қолын ұсынып отырған. Қатып қалған қағидаға қамалмай, өресінің биіктігін айқындайтын мықты сызба-жоспарларды жасады.

Өмірлік жары Майрамен басқосып, үш баланың дүниеге келуіне себепкер болған абзал жандар бүгінде немерелерінің арасында бақытты күн көшуде. Майра апамыз да ұзақ жылдар бойы құрылыс саласында еңбек еткен абыройлы жан. Ардақ есімді тұңғыш баласы отбасылы, Ақтау қаласында тұрады. Бүгінде шағын кәсібін дөңгелетіп отырған жайы бар. Ортаншы қызы Адина – экономист. Кенже баласы Рүстем біраз уақыт бұрын «Бұрғылау» мекемесінде жұмыс жасаған. Қазіргі таңда әкесін қарау үшін жұмыстан шығып кеткен. Балалары әкесінің денсаулығына алаңдайды. Сондықтан да еліміздің түкпір-түкпіріне апарып, ем-дом шараларын алып жүр.

Әңгіме соңында Майра апамыз ағаның бөлмесіне кіруіме рұқсат берді. «Аға сәлеметсіз бе! Біз сізді білікті маман болғаныңызды естіп, газетке жазуға келдік», – деп едім, аға сөзімді түсініп, басын изеп, қуанып қалды. Әділдіктің жаршысы, ізгіліктің игі жолын өміріне жалау еткен Күшқуат Абайұлының еліне сіңірген еңбегі ерекше. Жан-дүниесі жасандылықтан ада, қарапайымдылық пен әділдікті туғып ұстаған азамат – Күшқуат Таласбаев «Кендірлі» демалыс аймағы мен Отпан тау тарихи-мәдени кешенінің салынуына аянбай еңбек еткен. Жақсы атақ біреуден сұрап не болмаса сатып алатын нәрсе емес. Оны халық береді. Халқына қадірі бар, елі үшін атқарған ақ адал еңбегі бар адам ғана халық құрметіне лайық. Елге көрсеткен қызметтің үлкен-кішісі болмайды. Әркім өз орнында, өз қал-қадірінше халқына қызмет етсе – сол елдің қадірлісі болып қала береді.





Елу жас

Елудемін ер жасы, ер емеспін,
Періштеден ой тыңдар мен емеспін.
Құдай емес, көңілдің құлы болып,
Өзәзілдің соңында келемешпін.

Елу жасқа емеспін лайықты,
Алдап жүрмін құдайды, халайықты,
О дүниеге көтеріп қалай барам,
Бойымдағы сан күнә, мың айыпты?

Ақылымды жан емес, тәнім билеп,
Алға сүйреп, басылмай көңіл күйлеп,
Аяқ басып барамын алпысыма,
Сабыр кетіп, санамда сорымды илеп.

Өз-өзімді алдаумен өй деп, бүй деп,
Өмір өтіп барады түйдек-түйдек.
Бес күн жалған алданып әлі жүрмін,
Еске түспей кебіннен көйлек кимек.

Сабырменен десе де керек төзім,
Басылмай жүр елуде түлеп сезім.
Данышпансып әр жерде сөз айтамын,
Ашылғандай ақылман жүрек көзім.

Жақсы-жаман ой келіп шартараптан,
Қан өзенім кірленіп шаршап аққан.
Жүрек кірім тазармай кетер болсам,
Кешіре көр құлыңды, Хақ Жаратқан.

Арғын Бисенұлы,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері



[әңгіме] ПАЛАУ

Каланың қақ ортасындағы жатақханадағы студенттердің мұрнына су жетпей жүр. Болашақ филологтар ертең ауыз әдебиетінен болатын емтиханға дайындалып жатыр. Кешке қарай «Ләззат жігітін ертіп келіпті. Бұйырса көп ұзамай екеуі бас құрайды» деген әңгіме бөлмеден шықпай жатып, кітап кеміріп жатқан төрт құрбының құлағына да келіп жетті. Асқазаны шұрылдап, қарындары ашып отырған олар елең ете қалды.

Әсіресе тамақты ойлағаннан қанша оқығанмен, миына тоқи алмай әуре болып отырған Нағима ерекше қуанып, хабар алып келейін деп ортақ асүйге соғып, Ләззаттың дастархан жайып, нән шойын қазанға палау басып жатқанын білді.

— Шымкенттің қызы ғой, палауды өлтіріп пісіреді. Дәмі тіл үйіреді, — деді ол көзі жанып. Сонымен не керек Нағима 2 литрлік банкіні алып, шағын дастархан жайылған Ләззаттың ұядай бөлмесіне кетті. Күліп, жайнаңдап, жайрандап келген Нағиманы дастархан басындағылар салқын қарсы алды. Әйтсе де құпқын шіркін адамға не істетпейді дейсің. Банкі ұстап келген қыз ештеңе байқамағандай түр танытып, ыдысын елеусіздеу жерге қоя салды.

«Шақырылмаған қонақ сыпырылмаған жерге отырады» демекші, оған төменгі жақтан орын бұйырды. Қарнын тойдырып, мүмкіншілік болса, банкісіне палау салып алып, бөлмедегі үш құрбысына апаруды ғана ойлап отырған ол, қасында аузы-аузына жұқпай сөйлеп отырған өзінен бір курс жоғары оқитын Шалқарды құлықсыз тыңдады.

Нағима жақын жерде қасық, тіпті шанышқының жоғын көріп, көзімен артық қасық іздей беріп, өзіне тесіле қарап отырған жігітке көзі түсіп кеткені. Жігіт көрмеде тұрған адам сияқты бұдан көз алар емес.

Нағимаға жағы қушыып, жүзі қуқыл тартқан жігіт бірден ұнамады. Зорланып, жымиған болды. Өзінің футболка, трикомен отырғаны есіне түсіп, аздап қипақтап қалды.

Ханзадаға тұрмысқа шығып жатқандай гүл-гүл жайнап, құлпырып кеткен Ләззатқа селқос көз тастады.

Пысық қыз бөлмесінен қалайы дәу қасықты алып қайтпағанына өкініп отыр. Енді тұрып кетсе, мына орнынан да айырылып қалатынын біліп отыр. Не де болса, аңысын аңдып, әліптің артын бағайын деп шешті.

Сарғайтып ұзақ тостырған ортаға буы бұрқыраған палау келді. Палау шағындау жайпақ табаққа салынып, үш жерге

қойылды. Үш арсыздың бірі емес пе?! Қарны ашып отырған студенттер палауға лап қойды. Бұдан әрі жайдан-жай қарап отыра беруге дәті шыдамаған Нағима не де болса қолмен жеуге ыңғайлана бергені сол еді қасына бағанағы жігіт келіп, вальске шақырғаны. Бүгіндікке талқы шайдан басқа нәр татпаған қыздың қаны басына шапты.

«Ел тамақ жеп отырғанда биі несі, есі дұрыс емес шығар өзінің» деп ойлаған Нағима, қиылып тұрған жігіттің меселін қайтаруға дәті шыдамай, орнынан көтерілді. Жұрт жаппай тамақ ішіп, гу-гу әңгімелесіп жатқанда екеуі жай ойнап тұрған музыкаға жыңды адамдарша билеп жүргеніне не жыларын, не күлерін білмеді. Өзіне қомағайлана қараған жігіт ыржиып күлді.

— Мен сізді бұрын қалай кездестірмегенмін. Атыңыз кім?— деді жігіт.

— Мен де сізді бұрын қалай кездестірмегенмін деп ойлап отырмын. Атымды өзіңіз табыңыз. Н деген әріптен басталады, — деді бұл наздана. Өзіне іштей қайран қалды. Төрелкеге тиген қасықтардың даусы үдеп барады. Бойжеткен палаудан күдер үзгендей жеңіл күрсінді.

— Неге күрсіндіңіз, біреу сізді ренжітіп жүрген жоқ па?! — деді жігіт қарап тұрмай. Ерке қыз сыңғырлай күлді.

Осы кезде әлдекімнің «Ау, Бағдат, қалыңдығыңмен билемейсің бе? Ләззат мында сені қызғанып отыр» деген даусы шықты. Нағиманың іші мұздап кетті.

«Мәссаған, мынауың анау-мынау емес, Ләззаттың жігіті, болашақ байы болып шыққаны ма» деп ойлаған Нағима сасқанынан бұрылып төрге қарады. Ащы дәрі ішкендей бетін тыржитып отырған Ләззат екеуінің көзі түйісіп қалды. Бұған қабағы түсіп кеткен көкбет қыздың шеке тамыры ісініп, бүлкілдеп тұрғандай болып көрініп кетті. Бөлмесінің нөмірін, ертең кешке не істейтінін білгісі кеп тықақтаған жігіттің сұрақтарын жауапсыз қалдырып, Нағима шығатын есікке беттеді.

Палаудан қағылып, алтын уақытын жоғалтып, банкінің жуынды құятын ыдысқа айналғанын көрген Нағиманың іші удай ашыды.

Бір айдан соң қарашаның қара суығында шағын ресторанда Бағдат пен Ләззаттың дүрілдеген үйлену тойы өтті. Достары тойға кетіп, шақыру хат алмаған Нағима іште қалды.

Бибігүл Бөбекбай



ҮКІЛІ ҮМІТ

БАЛА — болашағымыз

Мұнайшылар балаларының ішінде талапты да талантты, білім мен өнерге, спортқа құштар ерендер жетерлік. Солардың бірі – Аяулым Қабыл. Ол – №2 МГӨБ әлеуметтік-әкімшілік қамтамасыз ету бөлімі басшысы Мұрат Изеновтың ортаншы қызы, Жаңаөзен мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы.



Аяулымның 6 жасында фортепианоға қызығушылығы оянып, М.Өскінбаев атындағы саз мектебінің табалдырығын аттайды. 8 жылдан соң мектепті үздік аяқтап, қызыл аттестат алды. Өнерге деген махаббатының арқасында ұстаздардың үйреткенін қағып алып, алғыр болып өскен Аяулым сан түрлі жарыстарда бақ сынап, жүлделі орындарға ие болып жүр. Прага қаласында өткен сайыста, Алматы қаласында республикалық байқауда – 1 орын, «Дала сазы – 2016» музыкалық байқауында – 2 орын иегері, II Республикалық «Каспий жұлдызы» сайысында III дәрежелі лауреат атануы – сөзімізге дәлел.

Талапты жас өнерден бөлек, оқуда да – озат. Сабақты жақсы оқып, білімділігімен көзге түскен Аяулым қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып, білім ордасы абыройын асқататып жүр. 3-қарашада Тараз қаласында өтетін «Менің кіші Отаным» V Республикалық сайысының соңғы кезеңінде облыс намысын қорғамақ.

Мектепшілік іс-шараларға белсенді қатысып, интеллектуалды жарыстар мен дебаттарда шашасына шаң жұқтырмай жүрген үздік қызымыз – мақтауға тұрарлық, көпке үлгі боларлық жеткіншек. Болашақ ұрпаққа жақсы тәлім көрсетіп, бәсекеге қабілетті буын өкілі ретінде тәрбиелеп жатқан ата-анаға алғыс айтамыз! Өндіріс пен бала тәрбиесін қатар алып жүрген жұмысшылардың еңбегі – ерен!



ҚОҒАМ АЙНАСЫ


Кино адамды өзгертеді

«Труман шоуы» фильміндегі сақтандыру компаниясының агенті қарапайым Труман Бербанктің ойына өзінің телешоу кейіпкері екені мүлде кіріп-шықпайды. Труманның әрбір әрекеті жүздеген жасырын камера арқылы түсіріліп, тікелей эфирден көрсетіліп тұрады. Көрермендер оның 30 жыл өмірін тәулік бойы тамашалаумен болады.

Оның айналасының барлығы – декорация, ал көшедегі кездейсоқ адамдар деп ойлап жүргені актерлар еді. Бекітілген сценарий бойынша ғұмыр кешіп жүрген Труман Бербанктің өмірі кенеттен өзі ғашық болуға тиіс емес кездейсоқ актриса қызды сүйіп қалуымен басқа арнаға бұрылады.

Басты рөлдегі Сильвияның ғашығына жасалып жатқан әділетсіздікпен күресі, оған деген ынтызарлығы фильмнің көркін келтіреді.

Туындыны тамашалап, өзіңізді бас кейіпкердің орнына қойып көріңіз. Труманға деген аяныш сезімі пайда болып, өмір туралы терең ойға түсесіз.



ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Адам алысқа қараймын
деп, жақындағысын
көрмейді.

Қадыр Мырза Әлі




ҚҰТТЫҚТАУ

*Қадірлі Есенғұл Омарұлы!
Аяулы Айла Тимранқызы!*

Асқаралы, мерейлі 60 жасыңыз құтты болсын. Сіздер мұнай саласында 40 жылдан астам жемісті еңбек ете жүріп, Өзен кен орнының дамуына қомақты үлес қосып келесіз. Сіздердің жүріп өткен еңбек жолыңыз ізбасар әріптестеріңізге үлгі-өнеге. Компания басшылығы Сіздерді өз ісінің майталман маманы ретінде құрметтейді. Осы қуанышты күні деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңызға жете беріңіздер. 100 жасаңыздар!



Ізгі тілекпен, №2 МГӨБ, СЖЖҚ еңбек ұжымы



РУХАНИ АЗЫҚ

Kiman адамды өзгертеді

Кайрат Жолдыбайұлының «Кемел адам» кітабын оқуға кеңес береміз. Кітапта автор жан-жақты жетілген идеал адамның қасиеттері мен ерекшеліктерін діни дәлелдер, қазақтың ойшыл зиялылары айтқан түйінді һәм кестелі пайымдары, сондай-ақ адамзатқа ортақ құндылықтар арқылы түсіндіруге тырысады.

Кітаптың бірінші бөлімінде кемелденудің психологиялық кедергілері, екінші бөлімде тән саулығының маңыздылығы, үшінші бөлімде уақытты тиімді пайдалану, төртінші бөлімде қаржылық сауаттылық жайлы айтылады. Ал бесінші, алтыншы бөлімдерде эмоциялық зерде жан-жақты түсіндіріледі.

Оқыңыз, өкінбейсіз!